

3. Бекзатқызы И. Ақмола облысының ойконимикалық жүйесі: қалыптасуы және қазіргі жағдайы. Алматы: Отан тарихы, 2024. - 529-545 б.
4. Бекзатқызы И. Ақмола облысының тарих топонимдерін қалпына келтіру мәселелері. Нұр-Сұлтан: Халық қазынасы, 2020. - 122-130 б.
5. Бекзатқызы И. Ақмола облысының тарихи топонимдері. Нұр-Сұлтан: Ақмола облысының ішкі саясат басқармасы, 2021. - 96 б.
6. Жанұзақ Т. Тарихи жер-су аттарының түптөркіні. Алматы: Сөздік-словарь, 2010. - 356 б.
7. Мусаев К.М. Лексикология тюрских языков. Алматы: Наука, 1984. - С. 226.
8. Сапаров Қ. Т., Егинбаева А. Е., Кульжанова С. М., Мадетхан Г. Сарыарқаның географиялық нысандарын атаудың табиғи негіздері. Астана: ҚазҰУ Хабаршысы. География сериясы, 2016. 29-35 б.
9. Терещук В. Рассказы о Кокчетаве. Көкшетау: Саяхат, 1992. - 460 с.
10. Шарипов А. А. Кокшетауский и Акмолинский окружные приказы в начале XIX века. Көкшетау: Вестник академии наук, 2018. - С. 18-22.

### **ҚАЗАҚ ДҮНИЕТАНЫМЫНДАҒЫ ТЕКТІЛІК ФЕНОМЕНІ: НАЙМАН РУЫ: ТАРИХИ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ТАЛДАУ**

**Еркін А.**

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., доцент Исаева А.И.  
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті  
Электрондық адресі: aijerkin@gmail.com  
Алматы қ.

Орта жүз қазақ этносының дәстүрлі қоғамдық құрылымында әлеуметтік, мәдени және саяси феномен ретінде айрықша орын алады. Қазақ даласының тарихи қалыптасу жолын талдағанда, Орта жүздің этносаяси рөлі тек рулық-тайпалық шежірелерден құралған жабық құрылым ретінде емес, керісінше, көшпелі өркениеттің ғасырлар бойғы тәжірибесін жинақтап отырған күрделі әлеуметтік жүйе ретінде қарастырылады. Бұл жүйеде әлеуметтік статус, билік институттары, шаруашылық формалары және дәстүрлі құқық бір-бірімен үйлесім тауып, ұрпақтан-ұрпаққа берілген (Муқанов, 1974: 15). Орта жүзді ғылыми тұрғыдан зерттеу қазақ мемлекеттілігінің эволюциясына, территориялық кеңістікке, этникалық трансформацияға және дала қоғамындағы биліктің легитимациялық сипатына ықпал еткен тарихи механизмдерді түсінуге мүмкіндік береді. Көшпелі бірлестіктердің саяси-экономикалық байланысы көп жағдайда география, табиғи ресурстар және этникалық кооперация арқылы жүзеге асқандықтан, олардың этникалық психологиясы тек рулық иерархиямен анықталмаған, сонымен бірге этносаралық бейімделудің тарихи тәжірибесімен қамтамасыз етілген.

Найман руы Орта жүз құрамындағы ең ірі әрі тарихи жағынан маңызды этникалық топ болып, оның этногенезі, қоныстануы және әлеуметтік ұйымдасуы қазақ этнографиясында терең зерттелген. Найман этнонимінің шығу тегі туралы зерттеулерде түрлі нұсқалар кездеседі. Бірқатар ортағасырлық жазбалар наймандарды моңғол даласындағы конфедерациялардың бірі болғанын көрсетсе, кейінгі кезеңдегі этнографиялық зерттеулер олардың түркілік мәдени жүйеге тән құндылықтарды сақтап қалғанын дәлелдейді. Этнолог М.Мұқанов найман этногенезін анықтауда тіл, билік институттары және көшпелі шаруашылық құрылымын басты фактор ретінде қарастырады (Муқанов, 1974: 58). Оның пікірінше, найман қауымының түркілік сипат алуы кездейсоқ ассимиляция емес, тарихи өзара ықпалдастықтың нәтижесі, өйткені Орта Азия мен Дешті Қыпшақ кеңістігінде этносаяси интеграция көбінесе соғыстан емес, ұзаққа созылған бейімделу процестерінен пайда болған.

Найман руының тарихи қалыптасуына әсер еткен маңызды факторлардың бірі - географиялық қоныстану ерекшелігі. Көшпелі қауымдардың тұрақты тіршілігі мал шаруашылық цикліне, климат пен ландшафтка бейімделген. XIX ғасырдың басында найман қауымы Ертістің жоғарғы аңғарлары, Тарбағатай сілемдері, Зайсан, Семей өңірі және қазіргі Шығыс Қазақстан территориясының негізгі бөлігін қамтыған (Муқанов, 1974: 27). Арөпованың зерттеуінде наймандардың жайлауы биік таулы аймақтарға бағытталғаны, ал қыстауы шұрайлы өзен аңғарларында шоғырланғаны көрсетіледі (Арөпова, 2025: 63). Мұндай географиялық үлгі көшпелі шаруашылықтың экологиялық тұрақтылығын қамтамасыз еткен, рулардың арасында жер үшін қақтығыстарды азайтқан және маусымдық көші-қонның тиімді болуына жағдай жасаған. Көшіп-қону маршруты тек экономикалық емес, сонымен бірге әлеуметтік бақылаудың құралы болды: руаралық шекараларды сақтау, жайылымдардың ротациясы және жайлауларды бөлісу дала қоғамындағы тұрақтылық механизмінің бір бөлігіне айналған.

Найман руының ішкі тармақтарының көптігі оның этникалық құрылымының біртекті емес, бірнеше деңгейлі екенін көрсетеді. Қазақ шежіресінде Матай, Төртуыл, Садыр, Келбет, Қаракерей, Балталы, Бағаналы және Терістанбалы тармақтары кеңінен белгілі (Әбдірахман, 2017). Бұл тармақтар бірін-бірі толықтыратын кіші этникалық бірліктер емес, нақты тарихи тәжірибеге ие, рулық-генеалогиялық жүйесі бар әлеуметтік субъектілер. Әр тармақтың өз таңбасы мен ұраны болуы - көшпелі қоғамдағы символдық капиталдың ролін айғақтайды. Таңба - рудың құқықтық белгісі ғана емес, оны этникалық психология мен әлеуметтік бірегейліктің визуалды коды ретінде түсіну қажет. Найманның терістанбасы (Ү тәрізді) түркі-моңғол дәстүрінен келе жатқан рулық белгі ретінде қабылданады; ал «Қаптағай» ұраны қауымдық рухты, әскери жинақылықты және әлеуметтік кооперацияны білдіреді (Мұқанов, 1974: 103).

Найман қауымының қазақ этносының ортағасырлық процестеріне енуі Шыңғысхан жорықтарына тікелей байланысты болды. XIII ғасырдағы саяси катаклизм найман конфедерациясын әлсіретіп, оның бөліктерін Ертіс, Жетісу, Сыр бойына ығыстырды (Мұқанов, 1974: 66). Алайда тарихи тәжірибе көрсеткендей, этникалық бөліну найман қауымының толық жойылуына емес, жаңа әлеуметтік формацияға бейімделуіне алып келді. Қазақ хандығының құрылуының алғашқы кезеңінде найман руы территориялық-әскери артықшылыққа ие ірі этникалық субъектілердің бірі болды. Қорғаныс, әскери жасақ ұйымдастыру және ішкі билік жүйесіндегі ықпалы олардың саяси маңызын айқындады (Арепова, 2025: 65). Қабанбай батыр, Малайсары би, Төлегетай сияқты тарихи тұлғалар тек рудың ғана емес, жалпы қазақ этносының тарихи жадының бөлігіне айналды.

Найман қауымының ішкі мәдени стереотиптері көшпелі даланың әлеуметтік нормаларымен тығыз байланысты. Көшпелі кеңістікте отбасы, жеті ата принципі, руаралық теңгерім және билікке ұжымдық қатынас - этникалық дербестікті сақтаудың негізгі тетіктері болды. Әбдірахман ру тарихын зерттей отырып, найманның Төлегетай - Өкіреш шежіресі арқылы әлеуметтік бірегейлікті нығайтқанын атап өтеді (Әбдірахман, 2017). Бұл генеалогиялық модель тарихи жақты сақтау механизміне айналып, руаралық интеграцияны қалыптастырды. Қазақ қоғамындағы шежіре тек ата-тек тізбегі емес, әлеуметтік құрылымның өзін реттейтін құқықтық норма ретінде қызмет етті. Дәстүрлі ортада адамның этникалық субъектілігі оның ата-тегімен, руымен және сол руға берілген символикалық миссиямен анықталды.

Найман руының мәдени ықпалы көшпелі қоғамның күнделікті өмірінен байқалды. Далада билік тек әскери күшке емес, тәжірибеге, даналыққа және шешендікке сүйенді. Найман қауымынан шыққан би-шешендер қоғам ішіндегі дау-дамайды реттеп, құқықтық нормаларды сақтауға ықпал етті. Олардың шешімдері кеңесші институттың маңызды бөлігін құрағандықтан, даладағы құқықтық мәдениет жазбаша кодекстерге емес, моральдық нормаларға негізделді. Бұл әлеуметтік модель көшпелі құрылымның тұрақтылығын қамтамасыз етіп, руаралық даулардың масштабты соғысқа ұласуын тежеді.

Найман руының таралуы қазіргі Қазақстан картасында да көрініс табады. Этнологиялық зерттеулер олардың ұрпақтары Шығыс Қазақстан, Павлодар, Алматы облыстары мен оңтүстік өңірлерде көптеп шоғырланғанын көрсетеді (Арепова, 2025: 67). Мұндай аймақтық сабақтастық тарихи кеңістіктің үзілмегендігін дәлелдейді. Көшпелі қоғамда ру тек экономикалық құрылым емес, әлеуметтік координацияның тірегі болды. Экономикалық жады шаруашылық тәжірибемен, ал мәдени жады символдармен бекітілді: таңба, ұран, шежіре - осының барлығы этникалық код ретінде қызмет етті.

Тарихи процестерді талдау көрсеткендей, найман руының қалыптасуы тек генетикалық мұрагерлікпен анықталмайды. Ол география, әскери ұйым, демографиялық қозғалыс, саяси қысым және мәдени бейімделу факторларының жиынтығы. М.Мұқановтың ғылыми еңбектері дәл осы көпқабатты процестерді түсіндіруде маңызды құралға айналды (Мұқанов, 1974). Ол этнологияны тек шежірені жинақтау емес, тарихи кеңістікті реконструкциялау ретінде қарастырады. Сондықтан найман руын зерттеу қазақ этносының тарихи тұтастығын түсінуден бөлек, көшпелі өркениет феноменін қайта қарауға мүмкіндік береді.

Қорытындылай келгенде, найман руы қазақ халқының тарихи қалыптасуындағы ең көне әрі тұрақты этникалық субъектілердің бірі болып табылады. Олардың шаруашылық дағдылары, әскери мәдениеті, әлеуметтік институттары және символдық жүйесі этникалық тұрақтылықтың негізгі механизмдерін қалыптастырған. Марат М. С. Мұқанов еңбектері мен кейінгі зерттеушілердің пікірлері осы рудың тарихи ролін тек этнографиялық деректер арқылы емес, нақты әлеуметтік процестер арқылы түсіндіруге ықпал етеді. Бүгінгі күні найман ұрпақтары өз этникалық жадын сақтап, тарихи тамырын жалғастыруда, бұл қазақ қоғамының мәдени тұтастығының ажырамас бөлігі болып саналады.

### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Муканов М. С. Этнический состав и расселение казахов Среднего жуза. - Алма-Ата: Наука, 1974. - 276 б.  
(Негізгі дерек, география, қоныстану, этногенез, таңба туралы мәліметтер осы еңбекке сүйеніп жазылды)
2. Арпова А. Марат Муканов еңбектеріндегі Орта жүз руларының таралу аймақтары // Asian Journal "Steppe Panorama". - 2025. - №2. - Б. 62-70.  
(Қоныстану аймақтары, жайлау-қыстау моделінің түсіндірмелері осы мақаладан алынған)
3. Әбдірахман К. Найман - Төлегетай: Өкіреш шал кім? // Abai.kz ақпараттық порталы. - 26.12.2017.  
(Мақала 2018 ж. e-history.kz сайтында қайта жарияланған.)  
(Генеалогиялық құрылым - Төлегетай-Өкіреш шежіресі бойынша)

## **ТАРАЗ ҚАЛАСЫНЫҢ ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫНЫҢ ОНОМАСТИКАСЫ**

**Еркін Ж.Е., Райс А.С.**

Ғылыми жетекшісі: Молдахмет А.А.  
Астана Халықаралық университеті  
erkin0janaiym@gmail.com  
abdualirais06@gmail.com  
Астана қ.

Андатпа

Бұл мақалада Тараз қаласының жер-су атауларының ономастикалық аспектілері зерттелген. Тараз - Қазақстанның оңтүстігіндегі ежелгі қала, тарихи деректерде Талас және Атлах деп аталған. Қала атаулары мен гидронимдер зерттеліп, олардың шығу тегі, фонетикалық ерекшеліктері, тарихи контексті қарастырылды. Зерттеуде көне жазба деректер, археологиялық табылған материалдар, тілдік анализ қолданылды. Тараз қаласының ойконимдері мен гидронимдері арқылы жергілікті мәдениет, халық тарихы, топонимдік дәстүрлер айқын көрінеді. Мақалада Талас өзені мен оның тартылған аймақтары, бұлақтар, бөгендер және қаладағы көне көпірлер туралы мәліметтер берілген. Тараз атауының шығу тәркіні мен Талас өзені арасындағы байланыс қарастырылды. Зерттеу нәтижелері жер-су атауларының тарихи, мәдени, лингвистикалық маңызын ашады, жергілікті ономастикалық дәстүрлердің дамуын сипаттайды.

Кілт сөздер: Тараз, Талас, ойконим, гидроним, топоним, ономастика, тарихи атау, қала тарихы, археология, Жамбыл облысы

Аннотация

В данной статье исследуются ономастические аспекты топонимов и гидронимов города Тараз. Тараз - один из древнейших городов юга Казахстана, который в исторических источниках упоминался под названиями Талас и Атлах. В работе рассматриваются происхождение, фонетические особенности и исторический контекст названий города и водных объектов. В исследовании использованы древние письменные источники, археологические материалы и лингвистический анализ. Ойконимы и гидронимы Тараза отражают местную культуру, историю населения и особенности топонимической традиции. В статье приведены сведения о реке Талас, её высохших участках, родниках, водохранилищах и древних мостах города. Анализируется связь происхождения названия Тараз с рекой Талас. Результаты исследования раскрывают историческое, культурное и лингвистическое значение местных топонимов и описывают развитие ономастических традиций региона.

Ключевые слова: Тараз, Талас, ойконим, гидроним, топоним, ономастика, историческое название, история города, археология, Жамбылская область.

Annotation

This article examines the onomastic aspects of place names and hydronyms of the city of Taraz. Taraz is one of the oldest cities in southern Kazakhstan and has been recorded in historical sources under the names Talas and Atlakh. The study explores the origins, phonetic features, and historical context of the city's names and water-related toponyms. Ancient written sources, archaeological findings, and linguistic analysis were used in the research. The oikonyms and hydronyms of Taraz reflect local culture, population history, and regional toponymic traditions. The article provides information about the Talas River, its dried sections, springs, reservoirs, and ancient bridges within the city. The connection between the origin of the name Taraz